

**ҚАЗАЛЫ АГРАРЛЫ-  
ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ**

**КАЗАЛИНСКИЙ АГРАРНО-  
ТЕХНИЧЕСКИЙ КОЛЛЕДЖ**



**СТУДЕНТТІҢ  
АНЫҚТАМАЛЫҚ -  
ЖОЛСІЛТЕМЕСІ**

**Қазалы қаласы 2018 жыл**

Бұл анықтамалық – жолсілтеуіші студенттерге колледж өмірін таныстыруға арналған анықтамалық және жолсілтеме болып табылады. Анықтамалық-жолсілтемеде колледждің құрылымы, орналасқан орны, ішкі тәртіп ережелері, студенттердің академиялық ұтқырлығы туралы мәліметтер қарастырылған. «Қазалы аграрлы – техникалық колледж студенттерінің анықтамалық-жолсілтемесі» әрбір студент үшін сенімді көмекші құрал болып табылады.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
---------	---

### КОЛЛЕДЖ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Колледж Әнұраны	5
Колледж миссиясы	6
Колледж тарихы	6
Колледж мекен - жайы	7
Колледж реквизиттері	7
Колледждің білім беру қызметі	8
Біздің мамандықтар	8
Колледждің материалдық - техникалық базасы	9
Компьютермен қамтамасыз етілуі	10
Оқу кабинеттерінің маршруттары	11
Зерханалар мен шеберханалар	11
Қоңырау кестесі	12
Кітапхана	12
Кітапханадағы кітаптың көрсеткіші	13
Кітапхананы пайдалану ережелері	13
Колледждің әкімшілік құрамы туралы ақпарат	13
Студенттердің міндеттері	14
Студенттердің құқығы	15
Студенттердің АР - НАМЫС КОДЕКСІ	16
Білім алушылардың тәртіп этикасы	17
Білім алушылар арасындағы өзара қарым - қатынас	18

## КІРІСПЕ

### Құрметті Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің бірінші курс студенттері!

Анықтамалық - жолсілтеме – білім алушыларға арналған және колледждің ішкі тәртібінің ережелері, білім беру үдерісінің ұйымдастыру және рәсімдік нормалары туралы жүйеленген қысқаша ақпараттардан тұратын ақпараттық көздің бір түрі. Сіз бұл анықтамалықтан өз құқықтарыңыз мен міндеттемелеріңіз, КАТК студентінің тек колледждегі оқу барысы кезіндегі ғана емес, сонымен қатар күнделіктегі өмір және одан тыс жерлердегі тәртіп ережелері туралы ақпараттарды таба аласыз. Анықтамалық - жолсілтемеден Сіз колледждің жастар және спорттық ұйымдары туралы ақпараттарды таба аласыз; сондай-ақ оқыту барысында, оның ішінде әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша туындайтын сұрақтарға да жауап ала аласыз.

Міндеттемені іске асыру үшін біздің студенттер:

- ар-намыс Кодексі мен біздің дәстүрді ұстануын;
- белгіленген оқу жұмыс жоспарын мерзімінде орындауын;
- ғылымға қызығушылық танытуын;
- жастар ұйымы жұмысына қатысуын қалайды.

Колледж өзінің алқалық рухымен және студенттердің бірі-бірін құрметтеумен ерекшеленеді. Біздің мақсатымыз сіздердің жеке тұлғалық қабілеттеріңіз бен потенциалдарыңызды, мүмкіндіктеріңізді жүзеге асыру. Біздің ұстанымыз өзара сенімділікке жұмыс жасау және оны біздің басқару жүйе шеңберінде көрсету.

Колледж жұмысының жетістігі біздің ішкі мәдениеттілігімізбен анықталады. Біздің негізгі байлық пен үміт колледж сипатын анықтайды және шешім қабылдауда негізгі критерийі болып табылады.

Колледж сіздер үшін таңдаған мамандықтарыңыз бойынша ойдағыдай және шығармашылық оқуға барлық жағдай жасайды.

### *Бірінші курс студенттері!*

1 қыркүйекте «Білім күні» колледждің және өзінің мамандығы жайындағы ең алғашқы ақпаратпен танысады. Одан ары қарай Сізге Қазалы аграрлы – техникалық колледж студентінің анықтамалық-жолсілтемесі қол ұшын береді. Өтініш (жатақханадан орын алу, аралық аттестаттау мен қорытынды аттестаттау және т.б.) үлгілері бар.

Бірінші күннен сіздермен топ кураторы жұмыс жасайды, ол оқу траекториясын анықтауға, сіздің мүддеңізді іске асыруға, сіздің мүддеңізді бағалауға, жетістікке жету қабілетіңізді бағалауға, курстарды таңдауға және курсты меңгеру барысында туындаған барлық мәселелерді шешуге көмек береді.

Жеке жұмыстарды тәлімгер ретінде өндірістік оқу шебері жүргізеді, ол сіздің студент ретінде рөліңізді түсінуге және жаңа жағдайға қалыптасуға көмек береді.

## Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің ӘНҰРАНЫ

Өлеңін жазған: Нұрмаш Алғашбаев  
Әнін жазған: Ғани Алғашбаев

Тәуелсіздік нұрын шашқан,  
Біз колледж ұланы.  
Төбемізде күн мен аспан,  
Жанған өмір шырағы.

### Қайырмасы:

Әнұраным қалықташы,  
Көк байрағым самғашы.  
Жастығым боп жалындашы,  
Білімнің ақ ордасы.

Колледжім алтын ордам,  
Сенсің менің мақтаным.  
Арманымсың құт болып қонған,  
Арайланған ақ таңым.

### Қайырмасы:

Әнұраным қалықташы,  
Көк байрағым самғашы.  
Жастығым боп жалындашы,  
Білімнің ақ ордасы.

Болашақтың мектебісің,  
Ел сенімін ақтаған.  
Өмірімнің көктемісің,  
Жүрегімде сақтаған.

### Қайырмасы:

Әнұраным қалықташы,  
Көк байрағым самғашы.  
Жастығым боп жалындашы,  
Білімнің ақ ордасы.

## КОЛЛЕДЖ МИССИЯСЫ:

Қазақстанда ауылшаруашылық саласының қарқынды дамуын қамтамасыз ететін, бәсекелестікке қабілетті, қоғамда табысты әлеуметтену арқылы еңбек нарығына жылдам бейімделетін мамандар даярлау.

## КОЛЛЕДЖ ТАРИХЫ

Ауданымыздағы болашақ ауылшаруашылық мамандарын даярлайтын іргелі оқу орны - Қазалы аграрлы-техникалық колледжі.

1954 жылы ақпан айында КПСС Орталық Комитетінің Ақпан Пленумында еліміздегі тың және тыңайған жерлерді игеру туралы Қаулысы шықты. Осыған байланысты дархан қазақ даласынан 25 млн га жер игеріліп, мыңдаған совхоздар ашылуы керек еді. Осы совхоздарға мыңдаған маман механизаторлар мен басқа да мамандарға қажеттілік туды. Сондықтан да Қазақстанның жер-жерлерінде ауылшаруашылығы мамандарын дайындайтын кіші оқу-орындары – ауылшаруашылық училищелері ашыла бастады. Сондай училищелердің бірі - №34 Қазалы қаласындағы ауылшаруашылығын механизациялау училищесі (УМСХ №34) 1954 жылы сәуір айында ашылды.

Училищені құру, материалдық-техникалық базаны нығайту, оқу бөлмелері мен шеберхана – зертханалар, тәжірибелік оқу шаруашылықтары т.б. жұмыстары мен оқытушы мен өндірістік оқу шеберлерін іріктеу, оқушылар тарту оңайлыққа түскен жоқ. Барлық істі тыңнан жасау қажет болды.

Алғашында оқу орны 1961-1973 жылдары №34 ауыл шаруашылығын механизациялау училищесі, 1973-1981 жылдары №34 ауылшаруашылық кәсіптік-техникалық училищесі, 1981-1990 жылдары №8 селолық орта кәсіптік-техникалық училище, 1990-2002 жылдары №8 кәсіптік-техникалық училище, 2002-2008 жылдары №8 кәсіптік мектеп, 2009-2012 жылдары №8 кәсіптік лицей атанған. 2013 жылдан Қазалы аграрлы-техникалық колледжі болып қайта құрылды. Осы уақыттардың ішінде іргелі оқу орны ауылшаруашылығына қажетті тракторшы, комбайншы, К-700 жүргізуш-механизаторлары, құрылысшылар, мал мамандары, фермерлер, газэлектрдәнекерлеуші секілді қазаққа қат мамандарды дайындады. Училище түлектері Қазақстанның түкпір-түкпірлерінің халық шаруашылығында үлгілі еңбек етіп, училищенің абыройын асқақтатты.

Осы уақыттардың барлығында іргелі оқу орны ауылшаруашылығына өте қажетті мамандықтар – тракторшы, комбайншы, К-700 жүргізуші-механизаторлары, құрылысшылар, мал мамандары, фермерлер, газэлектрдәнекерлеушілер т.б. мамандықтарын дайындады. Оқу бітірген механизаторлар жолдамамен Қазалы, Арал, Қармақшы аудандарынан басқа Ақтөбе, Қостанай, Павлодар және Целиноград облыстарындағы тың және тыңайған жерлерге механизатор болып жұмысқа араласты. Мал шаруашылығы механизаторлары облысымыздың Қазалы, Арал, Қармақшы аудандарына, ал трактор бригадасының бригадирлері Қызылорда облысының барлық аудандарының шаруашылықтары үшін дайындалды.

Жетпіс жылға жуық тарихында сан мамандыққа баулыған білім ордасы халық шаруашылығына 20 мыңдай ауыл шаруашылығы маманын дайындап шығарды. Училище түлектері Қазақстанның түкпір-түкпірлерінің халық шаруашылығында үлгілі еңбек етіп, училищенің абыройын асқақтатты. Ауданымыздың Социалистік Еңбек Ерлері Әбуша Дінісламов пен Кәрібоз Әлимаев және Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, Ауған соғысы ардагерлер ұйымдарының “Қазақстан ардагерлері” қауымдастығының төрағасы, жазушы Бақытбек Смағұл колледж түлектері.

Жастарға кәсіптік-техникалық білім беру, нарық қатынасын орнықтыру, шағын және орта бизнесті дамыту, заман талабына сай бәсекелестікке төтеп бере алатын, жан-жақты іскер жұмысшы мамандарын даярлау – бүгінгі күннің басты талабы. Осы талапты орындауда техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына үлкен міндеттер жүктелген. Қазіргі таңда кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін индустриалдық – инновациялық даму бағдарламасына сай жетілдіру үрдісі жүріп жатыр.

Қазіргі таңда Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде 497 жас білім алады. Оқу орнында "Тамақтандыруды ұйымдастыру", "Пісіру ісі", "Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану", "Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету", "Үйлер мен құрылымдарды салу және пайдалану", "Ішкі санитарлық-техникалық құрылғылар мен вентиляцияны монтаждау және пайдалану", "Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану" "Ауылшаруашылығы техникаларына қызмет көрсету және жөндеу", "Ферма шаруашылығы", "Ветеринария" мамандықтары бойынша мамандар даярланады. Барлық мамандықтар бойынша жалпыға бірдей білім стандарттары мен мемлекеттік лицензиялар алынған. Яғни, барлығы талапқа сай.

**Колледждің мекен – жайы:**

Индекс 120409

Қызылорда облысы

Қазалы қаласы

Жамбыл көшесі №24 үй

Әйтеке би кентінен № 1 маршрутпен Қазалы қаласы «Колледж» аялдамасы

**Колледждің сайты:**

[http:// kazaly-atk.kz/](http://kazaly-atk.kz/)

**Байланыс телефоны/факс**

8 (724)-38-5-13-61

**Колледждің реквезиттері:**

**БИК** KZKOKZKX

**БИН** 951240000928

**Колледждің есепшоты**

KZ24926070218Z771004

**Арнайы есепшот**

KZ94926070218Z771005

**ИИК**

KZ35926070218Z771000

**Банк**

КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ ФИЛИАЛ АО «Казкоммерцбанк»

**Бюджет коды**

16

## КОЛЛЕДЖДІҢ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ.

Қазалы аграрлы – техникалық колледжі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының әділет департаменті Қазалы ауданының әділет басқармасында 2014 жылы 18 ақпанда мемлекеттік заңды тұлғаны қайта тіркеу бойынша №424-1933-03 МК нөмірімен сериясы №1933-03/14-147 куәлігі алынған.

«Қазалы аграрлы – техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы 2014 жылы 18 ақпанда БИН №95124000928, куәлік №424-1933-03 МК нөмірленген және «Қазалы аграрлы – техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны осы жарғы негізінде білім беру қызметімен айналысуда. Оқыту нысаны – күндізгі.

«Қазалы аграрлы – техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына 2014 жылы 7 наурызда № 14003134 техникалық және кәсіптік білім беру қызметімен айналысуға мерзімі шектеусіз Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінің мемлекеттік лицензиясы берілген. Мемлекеттік лицензияға қосымша 07.03.2014 жылғы №174-Н Бұйрық негізінде 10 мамандық бойынша техникалық және қызмет көрсету еңбегінің маман кадрлар даярлау құқығы берілген.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полиция комитетінен 2008 жылы 2 сәуірде сериясы ДП №00432 нөмірлі мемлекеттік лицензиясы негізінде «В, С» категориялы көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, қайта даярлаумен айналысуға бас лицензия алынды.

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ 2010 жылы 29 қаңтарда медициналық қызметпен айналысуға рұқсат беретін Серия №0008826 нөмірлі мемлекеттік лицензия және сериясы №00381 DN медициналық және дәрігерлік қызметке арналған мемлекеттік лицензияға №00550 қосымша берілген.

### БІЗДІҢ МАМАНДЫҚТАР

р/с	Мамандығы	Біліктілігі	Оқу мерзімі
1	0508000 - Тамақтандыруды ұйымдастыру	050801 2 - Аспаз 050802 2 - Кондитер	2 жыл 10 ай
2	1114000 - Дәнекерлеу ісі	111404 2 - Электр газымен дәнекерлеуші	2 жыл 10 ай
3	1201000 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	1201011 - Жүргізуші 1201072 - Автокөлікті жөндеу слесарі 1201082 - Автокөліктер шанағын қалпына келтіруші шебер»	2 жыл 10 ай
4	1304000 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	1304012 - Электрондық есептеу машиналарының операторы 1304053 - Ақпаратты қорғау технигі	2 жыл 10 ай 3 жыл 10 ай



5	1401000 - Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану	1401012 - Тас қалаушы 1401032 - Құрылыс шебері	2 жыл 10 ай
6	1402000 - Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану	1402182 - Жол құрылыс машиналарын және тракторларын жөндеу слесарі 1402172 - Кран машинисі (краншы)	2 жыл 10 ай
7	1403000 - Ішкі санитарлық техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді мантаждау және пайдалану	1403012 - Слесарь-сантехник 1403072 - Электромонтаждаушы-реттеуші	2 жыл 10 ай
8	1501000 - Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	1501012 - Ауыл шаруашылық өндірісіндегі тракторшы-машинисі	10 ай 2 жыл 10 ай
9	1504000 - Фермер шаруашылығы	1504042 - Аспазшы 1504092 - Электр жабдықтарына қызмет көрсету электр монтері 1504062 - Ауыл шаруашылық өндірісіндегі тракторшы-машинист	10 ай 2 жыл 10 ай
10	1510000 - Ауылшаруашылығын механикаландыру	1510043 - Техник-механик	3 жыл 6 ай
11	1513000 - Ветеринария	1513032 - Ветеринарлық санитар 1513053 - Ветеринарлық фельдшер 1513063 - Ветеринарлық техник	2 жыл 10 ай 3 жыл 10 ай

### Колледждің материалдық – техникалық базасы

Колледж ғимараты 1985 жылы пайдалануға берілген. Типтік 3 қабатты оқу ғимараты 558 оқушыға арналған, 1 қабатты оқу шеберханасы 180 оқушыға, барлығы 720 оқушыға арналған.

Колледжде 21 оқу кабинеті, 10 зертхана, 3 шеберхана, 50 орындық кітапхана, 140 орындық асхана, 280 орындық акт залы, 268 м<sup>2</sup> спорт залы және ыңғайластырылған 50 орындық жатақхана, 1,5 га авто-трактор алаңы, 1000 га оқу шаруашылық жері бар.

Ғимараттардың жалпы ауданы - 6054,2 м<sup>2</sup>, ғимараттың көлемі 38494,1 м<sup>3</sup>. 2016 жылы 136 млн. теңге қаржы бөлініп, типтік 3 қабатты оқу ғимараты мен 2 қабатты әкімшілік ғимараты (жатақхана, кітапхана, акт залы, спорт залы) және 1 қабатты оқу-өндірістік шеберхана ғимараттары күрделі жөндеу жүргізілді.

## Компьютермен қамтамасыз етілуі

№	Көрсеткіштің атауы	2014	2015	2016	2017	2018
1.	Компьютерлердің жалпы саны, дана	109	109	109	109	126
2.	Оқытушылық мақсаттар үшін пайдаланылатын компьютерлер саны, дана.	21	21	21	21	21
3.	Бір компьютерге шартты берілген студенттер саны, шот ауысымды ескере отырып	4	4	4	5	4

## ОҚУ КАБИНЕТТЕРІ

Р/с	Оқу кабинетінің атауы	Кабинет №	Орналасқан қабаты	Меңгеруші
1	Химия және Биология	№2	Оқу корпусы III қабат	Кененбаева Жадыра
2	Физика	№3	Оқу корпусы III қабат	Оспанова Айнұр
3	Орыс тілі және әдебиеті №1	№7	Оқу корпусы III қабат	Алмаева Жадыра
4	Математика	№8	Оқу корпусы III қабат	Жаңылова Гүлазат
5	Шетел тілі	№13	Оқу корпусы III қабат	Ерқожаева Шынар
6	Қазақ тілі мен әдебиеті	№14	Оқу корпусы III қабат	Ысмағұл Жания
7	Тарих және География	№15	Оқу корпусы III қабат	Шыраева Жанар
8	Орыс тілі және әдебиет №2	№16	Оқу корпусы III қабат	Тәжімұрат Ғазиза
9	Анатомия	№17	Оқу корпусы II қабат	Ұзақбаева Роза
10	Информатика, бағдарламалау және операциялық жүйелер	№19	Оқу корпусы II қабат	Ильясова Аяжан
11	Жолда қозғалысы ережелері	№20	Оқу корпусы IV қабат	Саниязов Еділ
12	Дәнекерлеу ісі	№21	Оқу корпусы II қабат	Оразымбетов Күнділда
13	Информатика №2	№22	Оқу корпусы II қабат	Медетова Арай
14	Құрылыс өндірісін	№23	Оқу корпусы	Елеуова Гүлмира

	ұйымдастыру		II қабат	
15	Тамақтандыруды ұйымдастыру	№24	Оқу корпусы II қабат	Ибайдаева Бақыткүл
16	Микробиология	№26	Оқу корпусы I қабат	Рысбаев Шынберген
17	Автомобиль және ауылшаруашылығы құралдары мен машиналары	№28	Оқу корпусы I қабат	Жолмаханова Айгүл
18	Алғашқы әскери дайындық	№29	Оқу корпусы I қабат	Сағымбаев Мырзалыбай
19	Өзін-өзі тану	№30	Оқу корпусы I қабат	Тәжібекова Салтанат
20	Жол құрылыс машиналары	№33	Оқу корпусы I қабат	Өмірзақов Нұрғиса
21	Спорт алаңы	№47	Оқу корпусы I қабат	Жамалов Ғазиз
22	Спорт зал	№50	Оқу корпусы I қабат	Ерғазы Бақтияр

### ЗЕРТХАНАЛАР

1. Аспаз
2. Тренажер
3. Құрылыс
4. Автокөліктер
5. Жол құрылыс машиналары
6. Тракторлар және АШМ
7. Слесарь – сантехник
8. Дәнекерлеу ісі
9. Электрик
10. Ветеринария

### ШЕБЕРХАНАЛАР

1. Слесарь ісі
2. Автокөлік жөндеу
3. Ағаш өңдеу
4. Жөндеу шеберханасы

### ҚОҢЫРАУ КЕСТЕСІ

Сабақ реті	Уақыты	Үзілік уақыты
1	9 <sup>00</sup> – 9 <sup>45</sup>	5 минут
2	9 <sup>50</sup> – 10 <sup>35</sup>	10 минут
3	10 <sup>45</sup> – 11 <sup>30</sup>	5 минут
4	11 <sup>35</sup> – 12 <sup>20</sup>	10 минут
5	12 <sup>30</sup> – 13 <sup>15</sup>	5 минут
6	13 <sup>20</sup> – 14 <sup>05</sup>	10 минут
7	14 <sup>15</sup> – 15 <sup>00</sup>	

## КІТАПХАНА

КАТК кітапханасы – қор құрамы жағынан колледждер кітапханаларының ішіндегі ең үздіктерінің бірі болып табылады. Ол ғылыми, оқу, анықтамалық әдебиеттерден, нормативтік құжаттардан, ақпараттық материалдардан, мерзімді баспалардан, бейнефильмдерден, білімнің барлық салалары бойынша CD-ROM-ғы оқулықтардан тұрады.

### КІТАПХАНА ҚОРЫНДАҒЫ КІТАП КӨРСЕТКІШІ

<b>2018-2019</b>	Жалпы қорлар -15214			Соның ішінде қазақ тіліндегі қорлар-8665		
	Оқулықтар	Оқу әдістемелік әдебиеттер	Ғылыми әдебиеттер	Оқулықтар	Оқу әдістемелік әдебиеттер	Ғылыми әдебиеттер
	7502	1264	6448	5263	520	2882

### КІТАПХАНАНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Кітапхана мен оқу залы колледждің оқу ғимаратында орналасқан. Кітапханада оқырмандарға кітапхана қорында бар кітаптар, газеттер, журналдар мен басқа да материалдарды уақытша пайдалану беру ұйымдастырылған. Әдебиеттерді қолға беруді қызмет көрсету және кітап сақтау бөлімі жүзеге асырады.

Оқу залдарындағы әдебиеттерді шығаруға рұқсат етілмейді. Оқырмандардың кітапханаға жазылуы оның Қазалы аграрлы – техникалық колледжіне тиістілігін куәландыратын құжаттың көрсетілуі бойынша жүзеге асырылады.

Оқырмандарға бірыңғай оқу билеті беріледі және оқырмандар формуляры толтырылады. Кітапханаға жазылу барысында оқырмандар оның ережелерімен танысулары тиіс және оларды орындау жөніндегі міндетемеге қол қоюлары керек. Оқырман билеті кітапхананы, оның барлық абоненттерімен және оқу залдарын пайдалану құқығын беретін бірден-бір құжат болып табылады. Кітапхана жыл сайын кітапханамен белгіленген уақыт ішінде өздеріне тіркелген барлық әдебиеттерді көрсете отырып, өз оқырмандарын қайта тіркеуден өткізеді. Қайта тіркеуден өтпеген оқырмандарға кітапхана қызмет көрсетпейді.

Оқырман колледжден шыққан кезде өзінің атына жазылған басылымдар мен оқырман билетін кітапханаға қайтарады. Кітаптарды, басқа да баспа туындылары мен өзге де материалдарды алған кезде оқырмандар басылымдарды мұқият қарап шығады, қандай да болмасын бір кемшіліктер анықталған жағдайда бұл жөнінде кітапханашыға хабарлайды. Басылымды соңғы пайдаланған оқырман кітаптың бүлінуі үшін жауап береді. Кітапханаға зиян келтірген немесе пайдалану ережесін бұзған оқырмандар қолданыстағы заңнамада, жарғыда және кітапхананы пайдалану ережесінде қарастырылған түрдегі әкімшілік, азаматтық-құқықтық (материалдық) жауапқа тартылады.

## КОЛЛЕДЖ ӘКІМШІЛІГІ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Р/с	Аты-жөні	Атқаратын қызметі	Байланыс телефондары	Электрондық поштасы	Кабинеті
<b>Қабылдау бөлмесі</b>					
1	Исмайлов Темірбек Кәнішұлы	Директор	8 724 38 5 13 61 8 701 134 14 66	<a href="mailto:pcsh_8@mail.ru">pcsh_8@mail.ru</a>	Әкімшілік ғимараты 2 - қабат
2	Елеусіз Кенжегүл Молдахметқызы	Хатшы	8 724 38 5 13 61	<a href="mailto:pcsh_8@mail.ru">pcsh_8@mail.ru</a>	Әкімшілік ғимараты 2 - қабат
<b>Оқу-тәрбие бөлімі</b>					
3	Кибекбаева Жанар Өмірзаққызы	Директордың оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары	8 702 693 06 99	<a href="mailto:amankeldisayat@mail.ru">amankeldisayat@mail.ru</a>	Оқытушылар бөлмесі 2 - қабат
4	Мусаев Арман Қонысбайұлы	Директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары	8 702 729 23 22	<a href="mailto:arman_mussayev@mail.ru">arman_mussayev@mail.ru</a>	Бас ғимарат 1 - қабат
5	Баекеева Шарбану Толыбайқызы	Әдіскер	8 701 279 72 27	<a href="mailto:sh_baekееva@mail.ru">sh_baekееva@mail.ru</a>	Бас ғимарат 1 - қабат
6	Баекеев Еркәсым Толыбайұлы	Педагог-психолог	8 777 114 41 63	<a href="mailto:erkasym_74@mail.ru">erkasym_74@mail.ru</a>	Бас ғимарат 3 - қабат
7	Таңатова Гүлназ Балмырзаққызы	Әлеуметтік педагог	8 771 479 62 31		Бас ғимарат 1 - қабат
8	Шаймерденов Бақытқали Базарбайұлы	Әскери жетекші	8 701 406 82 24		Бас ғимарат 1 - қабат
<b>Оқу - өндірістік бөлімі</b>					
9	Арзақинов Қаршыға Меңдікүлұлы	Директордың оқу-өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары	8 775 345 82 78	<a href="mailto:gulim_7808@mail.ru">gulim_7808@mail.ru</a>	Бас ғимарат 1 - қабат
10	Алтыбаева Нүргүл Тілектесқызы	Оқу бөлімінің хатшысы	8 771 479 19 29		Бас ғимарат 1 – қабат
11	Орынбасар Қуат Құләнбайұлы	Аға шебер	8 701 145 95 62		Зертхана ғимараты
<b>Есеп – қисап бөлім</b>					
12	Байғабылов Жайық Жайқалсынұлы	Бас есепші	8 701 406 77 14	<a href="mailto:zhaiyk1982@mail.ru">zhaiyk1982@mail.ru</a>	Әкімшілік ғимараты 2 - қабат
13	Баяділов Алмасбек Ерсайынұлы	Мемлекеттік сатып алу менеджері	8 777 677 27 28		Әкімшілік ғимараты 2 - қабат
4	Өмірәлиева Фатиха Серікбайқызы	Есепші	8 702 278 47 17		Әкімшілік ғимараты 2 - қабат
<b>Шаруашылық бөлімі</b>					
15	Садықов Болат Ахметұлы	Директордың шаруашылық жұмыстары	8 702 901 06 20	<a href="mailto:pcsh_8@mail.ru">pcsh_8@mail.ru</a>	Әкімшілік ғимараты 2 - қабат

		жөніндегі орынбасары			
16	Жұбатқанов Ерполат Ибайдуллаұлы	Шаруашылық меңгерушісі	8 701 568 11 45		Әкімшілік ғимараты 2 - қабат
17	Кенжебаева Жадыра Кеңесқызы	Кітапханашы	8 705 177 71 67	<a href="mailto:mk.qadika@mail.ru">mk.qadika@mail.ru</a>	Әкімшілік ғимараты 2 - қабат
18	Мәмбетова Ажар Таңсықбайқызы	Мейіркеш	8 705 530 30 89		Бас ғимарат 1 - қабат
19	Иниязова Келіс Маждаулетқызы	Жатақхана меңгерушісі	8 778 140 62 95		Әкімшілік ғимараты 2 - қабат
20	Қарымсақова Айнагүл Рзальқызы	Жатақхана тәрбиешісі	8 777 453 57 43		Әкімшілік ғимараты 2 - қабат
<b>Кадр бөлімі</b>					
19	Күзентаева Гүлнұр Серікқызы	Кадр бөлімінің меңгерушісі	8 701 135 19 02	<a href="mailto:pcsh_8@mail.ru">pcsh_8@mail.ru</a>	Әкімшілік ғимараты 2 - қабат
20	Зархом Гүлбақыт Қасқырбайқызы	Кадр жөніндегі инспектор	8 702 957 99 94		Әкімшілік ғимараты 2 - қабат

## СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

Оқыту, тәрбие үрдістерін, оларды ұйымдастыру мен өткізуді реттейтін білім беру саласындағы нормативтік актілер талаптарын орындауға;

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 47-бабының 15-тармағы 1-тармақшасына сәйкес барлық білім беру мекемелерінің ішкі ережесіне өзгерістер енгізу туралы хатын басшылыққа ала отырып Ұжымдағы барлық инженер-педагогтар мен оқушылар үшін бірінғай киім кию үлгісі белгіленсін.
2. Адал және өнегелі жұмыс істеп, оқуға, оқу тәртібін сақтауға, әкімшіліктің, өндірістік оқу шеберінің, топ жетекшісінің, колледж оқытушысының тапсырмалары мен өкімдерін дер кезінде әрі нақты орындауға, белгіленген сабақ уақытының ұзақтығын сақтауға, сабақтың барлық уақытын сапалы білім алуға пайдалануға, басқа да оқушылармен қызметкерлерге олардың оқу және еңбек міндеттерін орындауға кедергі келтіретін іс-әрекетке жол бермеуге;
3. Тиісті ережелермен көзделген еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, еңбек гигиенасы және өртке қарсы күзет жөніндегі талаптарды сақтауға, жекелей қорғаныстың қажетті құралдарын пайдалануға;
4. Оқу шеберханаларында қалыпты жұмыс істеуге кедергі келтіретін немесе оны қиындататын себептер мен жағдайларды жедел жоюға шаралар қолдануға, болған оқиға жайлы өндірістік оқу шеберіне және әкімшілікке дереу хабарлауға;
5. Колледж оқушыларының, оқытушыларының және басқа қызметкерлерінің абыройы мен адамгершілігін құрметтеуге;
6. Қоғамдық орындарда тәртіп нормасын сақтауға, жатақхана тәртібін сақтауға, жалпы қабылданған адамгершілік және әдептілік нормаларын орындауға, оқушының

- моральдық бейнесіне үйлеспейтін құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеуге, колледждің іскерлік атағын, абыройы мен, беделін қолдануға;
7. Жалпы мәдениетті арттыруға, адамгершілік пен дене тәрбиесін жетілдіруге ұдайы ұмтылуға;
  8. Колледждің меншігін сақтауға және нығайтуға, жұмыс және оқу бөлмелерінде, аумақтарда тәртіп пен тазалықты сақтауға: жабдықтарды тиімді пайдалануға, жабдықтарға, құрал-саймандарға, аспаптарға, арнаулы киімдерге және де оқушылардың пайдалануына берілген басқа да заттарға ұқыпты қарауға, шикізаттарды, материалдарды, энергия қуатын, отынды және басқа материалдық ресурстарды үнемі және ұтымды жасауға. Колледжге материалдық зиян келтірген жағдайда оқушылар оны өтеуге міндетті.
  9. Колледждің қоғамдық еңбегіне, қоғамдық өміріне белсене қатысуға;
  10. Жоспарлы медициналық байқаудан дер кезінде және жүйелі түрде өтіп тұруға;
  11. Колледждің оқу корпусында жүргенде оқушылық билетін өзімен бірге алып жүруге және колледж қызметкерлерінің талап еткенінде оларға бірден көрсетуге;
  12. Оқу жоспарында қарастырылған сабаққа қатыспағандығының себебі туралы құжаттарды колледжге келгеннен кейін келесі күннен кешіктірмей әкімшілікке көрсетуге. Науқастанып қалған жағдайда оқушы медициналық анықтамасын көрсетеді.
  13. Кітапхананы пайдалану ережесін сақтауға.
  14. Оқушының ішкі тәртіп Ережесін және жатақханада тұру ережесін сақтауға, колледж Жарғысының талаптарын орындауға, колледж директорымен әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдерін орындауға.
  15. Екіжақты «Білім беру қызметін көрсету шартының» талаптарын сақтауға.
  16. Қарым-қатынас мәдениетінің ережелерін ұстануға: ересектерге құрмет көрсетуге, басқа адамның адамгершілігін құрметтеуге және құқық бұзушылыққа тосқауыл болуға, меншікті өмірінің және жолдастарының өмірінің саулығы мен қауіпсіздігі туралы қамқорлық жасауға міндетті.

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ**

*Студенттер мыналарға құқылы:*

1. Білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандартына сәйкес таңдаған кәсібі бойынша білім алуға;
2. Колледждің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, таңдаған кәсібі бойынша машықтануда өзіндік белсенділік танытуға;
3. Ұсынылған тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, оқу жоспарымен факультативтік сабақ таңдауға;
4. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің белгіленген нормативтік құжаттарының тәртібімен бір оқу орнынан екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне ауысуға және орналасуға;
5. Колледжде өтетін барлық шараларға қатысуға;
6. Студенттердің өзін-өзі басқару жұмысына қатысуға;
7. Колледж оқушыларымен және басқа оқушылармен дау-дамай туындаған жағдайда өндірістік оқу шеберінің, топ жетекшісінің және әкімшілік мүшелерінің қолдануына, сондай-ақ педагог-психологтың тарапынан психологиялық көмекке арқа сүйеуге;

8. Колледж және оның жекелеген қызметкерлерінің қызметтеріне қатысты өз пікірлерін ашық білдіруге;
9. Өздерінің дарындарын, мүмкіндіктерін және білгірліктерін таныту үшін конкурстарда, байқауларда, жарыстарда және басқа шараларда колледждің намысын қорғауға;
10. Колледж кітапханасының ақпараттық ресурстарын пайдалануға;

## **Қазалы аграрлы – техникалық колледж студенттерінің АР-НАМЫС КОДЕКСІ**

### **1-бап.**

Колледж студенті Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарын, Колледж Жарғысын, ішкі тәртіп Ережесін, жатақханада тұру Ережесін, Колледждің инженер-педагогтар құрамының, қызметкерлері мен студенттерінің этикалық Ережесін және оқу-тәрбие үдерісін реттейтін басқа нормативті-құқықтық актілерді сақтауға міндеттенеді.

### **2-бап.**

Колледж студенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, ұлттық құндылықтар мен мәдениетті, Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу тарихын біледі және қастерлейді, колледж дәстүрлерін кіршіксіз сақтап, құрметтейді.

### **3-бап.**

Колледж студенті басқа студенттермен, оқытушылармен және қызметкерлермен, әкімшілікпен қарым-қатынас барысында ізеттілік, кішіпейілділік және ұқыптылық танытады.

### **4-бап.**

Колледж студенті кез-келген азаматтың шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік дәрежесіне, діни немесе дүниетанымдық ұстанымдарына қарамастан құрметпен қарайды, ұлтаралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі идеясы мен қағидаттарын насихаттайды.

### **5-бап.**

Колледж студенті өзінің оқу міндеттерін қатаң орындайды, төмендегідей академиялық, этикалық және құқықтық нормаларды бұзушылыққа жол бермейді:

- плагиат, алдау, білімді бақылаудың барлық деңгейлері мен түрлерінен өту барысында шпаргалка пайдалану, көшіру және біреуден сұрау;
- жоғары баға алу үшін туысқандық немесе қызметтік байланыстарды пайдалану;
- пара беру;
- оқытушыны алдау және оны сыйламау;
- сабақтарды себепсіз жіберу және кешігу.

### **6-бап.**

Колледж студенті Қазақстанның болашақ экономикалық, саяси және басқару элитасына лайықты сапалы және бәсекеге қабілетті білім алу идеясын насихаттайды.

### **7-бап.**

Колледж студенті колледж мүлкінің сақталуына қамқорлық жасайды және колледж аумағында құқық бұзушылықтардың орын алуына жол бермейді.



### **8-бап.**

Колледж студенті колледждің кітапханалық-ақпараттық ресурстарына ұқыпты қарайды және бұл ресурстарға қатысты салғырт қараушылық пен нұқсан келтірушілікке жол бермейді.

### **9-бап.**

Колледж студенті ұқыпты киінеді. Оның сыртқы түр-келбеті зайырлы қоғамның жалпыға ортақ этикалық нормаларына сәйкес келеді.

### **10-бап.**

Колледж студенті салауатты өмір салтын ұстанады, өзінің мәдени, адамгершілік және тұлғалық даму деңгейін жетілдіруге ұмтылады, колледждің қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсене атсалысады.

### **11-бап.**

Колледж студенті колледжге және оның аумағынан тыс жерлерде де құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеуге тиіс.

### **12-бап.**

Колледж студенті елдегі тәртіптің тұрақсыздануына әкеп соғатын ақпараттың таратылуына жол бермеуі, сондай-ақ заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, ереуілдерге, акцияларға және шерулерге қатыспауы тиіс.

### **13-бап.**

Колледж студенті колледж мүддесіне қайшы келетін және оның имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін кез-келген іс-әрекетке қатысудан бой тартады.

### **14-бап.**

Колледж студенті студенттік қоғамдастыққа кіретінін мақтаныш тұтып, корпоративті біртұтастық сезім қалыптастырады.

### **15-бап.**

Колледж студенті аталған Кодекс ережелерінің бұзылуын байқаған сәтте оны өз күшімен түзетуге тырысады, ал мұндай әрекет мүмкін болмаған жағдайда бұл келеңсіздіктер туралы студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына немесе Колледж әкімшілігіне хабарлауға құқылы.

## **Білім алушылардың тәртіп этикасы.**

Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің білім алушылары ар-намыс пен қадір-қасиеті арқылы колледждің бір мүшесі деген жоғары атақты ақтауға тиіс.

Өз міндетін орындай отырып, ауызбіршілік, ізгі ниеттілік, жолдастық сезімді, өзара түсіністік пен өзара көмекті, бір-біріне деген сенімді көрсетуі және ұжымда жоғары адамгершілік қатынасын сақтау қажет. Білім алушылардың ар-намысы мен қадір-қасиеті өнегелі салауатты өмір салтының ажырамас бір бөлігі.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңының 28 бабы 3 тармағына сәйкес білім алушылар білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшылықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

Жұмыс және сабақ уақытында білім алушылардың киімінде кез келген субмәдениетке қатыстылығын білдіретін белгілердің болмауы қатаң талап етіледі.

Колледжде спорт костюмін және спорттық аяқ киім киіп келуге тиым салынады. Жағасы кең ойылған киім киюге иықты жалаң ашып, арқа мен ішін көрсетіп, шалбарды шамадан тыс түсіріп жүруге, ішінен көрінетін киім киюге, шамадан тыс әшекей тағынуға болмайды.

Колледжде «сіз» деген сыпайы қатынас жасалады. Балағат сөздерді пайдалануға болмайды. Жұртшылық алдында жанжалдасуға болмайды.

Қауіпсіздік қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оқу орнының қауіпсіздік қызметі ұйымдастырған рұқсат беру жүйесі қолданылады. Кірушілер қызметтік куәлігі мен студенттік билеттерін ашып көрсетуге тиіс.

Оқу сабақтары кезінде оқытушылардың, сонымен қатар білім алушылардың барлық ұялы байланыстары міндетті түрде өшірілуі тиіс. Ресми іс-шаралар кезінде (жиналыс, жиын, отырыс) ұялы телефонның дыбыстық сигналын өшіріп қою керек.

Түрлі іс шараларда (жиналыстарда, салтанатты отырыстарда, іскерлік кездесулерде, концерттерде)

### **Білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынас.**

Барлық білім алушылардың басшылыққа алатын негізгі қағидасы студенттік қауым мүшелері арасында өзара құрмет, әділдік пен адалдық таныту.

Білім алушылардың арасындағы өзара қарым-қатынас өзара құрмет негізінде құрылады, ар-намыс пен қадір-қасиетті таптауға, моральдық немесе материалдық зиян келтіруге, заңға қайшы әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Түрлі топтарда, алуан түрлі қарым-қатынас жасау түрлері көтермеленеді жұмыс мәселелерін бірге талқылау мен шешу, жобаларды бірге орындау, жастардың көпшілік іс-шаралары мен конкурстарына қатысу, тынығу іс-шараларын бірге өткізу.

Оқу барысында туындайтын мәселелерді шешу кезінде, білім алушылар әділдік қағидаларын, Кодекс ережелерін және азаматтық құқықтарды қорғайтын басқа құжаттарды басшылыққа алады.

#### ***Білім алушылармен қарым-қатынас жасауда оқытушы:***

- білім алушыларды балағаттауға, олардың жеке қадір-қасиетін таптауға, тәккапарлық немесе дөрекілік көрсетуге;
- ағымдағы, межелік және қорытынды бақылау өткізу кезінде әділетсіздік көрсетуге, білім алушының оқудағы жетістіктерін бағалау деңгейіне субъективтік факторлардың әсер етуіне жол беруге;
- оқу және ғылыми үдеріс нәтижелеріне әсер ету мақсатында, білім алушылардан немесе арадағы адамдардан сыйлық алуға;
- стандарттарда белгіленген бағалау критерийлері мен ағымдағы, межелік және қорытынды бақылау өткізу шарттарын өзгертуге;
- білім алушылармен өз әріптестерінің кәсіби және жеке тұлғалық кемшіліктерін талқылауға;

- колледж қабырғасында коммерциялық жарнама, саяси немесе діни насихат жүргізуге құқылы емес.

***Оқу барысында білім алушы:***

- әділетсіздік пен немесе оқытушыны жаңылыстырумен байланысты кез-келген қызметке араласуға, оқытушыға қатысты құрметсіздік көрсетуге;

- емтихан тапсыру, курс және диплом жобаларын, басқа тапсырмаларды тапсыру кезінде әлде бір адамның жұмысын (web-ресурстарға орналастырылған жұмыстарды қоса алғанда) толық немесе жекелей көлемде жеке өзінікі ретінде ұсынуға;

- емтихан немесе бақылау іс шараларының басқа түрлерін тапсыру кезінде, стандарттарда рұқсат етілмеген алдын ала дайындалмаған материалдарды пайдалануға;

- басқа білім алушылардың орнына тапсырманы орындауға, зерттеу жүргізуге және емтихан жұмыстарын тапсыруға;

- дәйекті себептерсіз сабаққа қатыспауға немесе кешігуге;

- сабақ үстінде керісуге, өзін тұрпайы немесе дөрекі ұстауға;

- өзінікінен басқа әлде бір адамның бағаларын оқытушымен талқылауға құқылы емес.

Айрықша жағдайларда білім алушы оқытушыны ауыстыру туралы өтініш білдіре алады. Бұл үшін өте маңызды себептер (дәлелденген дөрекілік фактілері, біліксіздік, оқытушының кінәсінен сабақтың жүйелі өтілмеуі және т.б.) және академиялық топтың бір ауызы қажет.